

БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

2
бет

РУКОВОДСТВО КМГ ПРОВЕЛО СОВЕЩАНИЕ ПО ВОПРОСАМ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЗО

3
бет

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-ДА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫҢ ҚОСЫМША КЕЛІСІМІНЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

4
бет

«QUIZ» - БІЛІМ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТЕДІ

5
бет

ТАРАС ХИТУОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БОКС ТУРНИРИ БАСТАЛДЫ

6
бет

ВЕТЕРАНЫ КАРАЖАНБАСА ВСТРЕТИЛИСЬ С ПРЕДСЕДАТЕЛЕМ ПРАВЛЕНИЯ КМГ
...
КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

7
бет

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ
...
«ҚАРАЖАНБАС - БІЗДІҢ ОРТАҚ ЕҢБЕГІМІЗ СІҢГЕН ҚАЗЫНАЛЫ МЕКЕН!»

8
бет

ҚБМ ЖҰМЫСШЫСЫ МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСЫНЫҢ ҮЗДІК ОНДЫҒЫНА КІРДІ
...
МТЖБ ШЕБЕРІ Н. АЛХАМОВ:
«ӨМІРДЕН ҰТҚАН ҚҰНДЫ МАРАПАТЫМ - МАМАНДЫҒЫМ»

9
бет

БІЛІКТІ МАМАН - ЕЛ БОЛАШАҒЫ

10
бет

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙЫНЫҢ ҚҰРДАСЫ БІРЛІКТІ НЫҒАЙТҚАН ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ

11
бет

I ВАХТАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

12
бет

«ҚАРАЖАНБАС АРДАГЕРЛЕРІ» ФУТЗАЛ КОМАНДАСЫ ҚР ЧЕМПИОНАТЫНДА



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ БОЛЫП МАРАТ ЕЛЕУСІНОВ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев «Қаражанбасмұнай» АҚ ұжымына жаңа басшыны таныстырып, өндірістік объектілердің тұрақты және апатсыз жұмысын қамтамасыз ету міндетін қойды.

Жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін Марат Елеусінов «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Сондай-ақ ол «ӨзенМұнайГаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-де түрлі басшылық лауазымдарда жұмыс істеген.

2018-2020 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті директорының орынбасары, мұнай және газ өндіру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

Еңбек жолын 2009 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-да Мұнай және газ өндіру операторы болып бастаған.



РУКОВОДСТВО КМГ ПРОВЕЛО СОВЕЩАНИЕ ПО ВОПРОСАМ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЗО



Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» (КМГ) Магзум Мирзагалиев в ходе рабочего визита в г. Актау провел совещание с руководителями дочерних и зависимых организаций (ДЗО) КМГ в Мангистауской области.

На совещании присутствовали заместитель председателя Правления КМГ Нурсейит Союнов, руководители АО «Каражанбасмунай», АО «Мангистаумунайгаз» и ТОО «Ak Su KMG».

Руководители предприятий доложили об основных показателях производственной деятельности, реализуемых инвестиционных проектах и вопросах сохранения социальной стабильности в трудовых коллективах.

М.Мирзагалиев подчеркнул важность поддержки и создания необходимых условий для взаимодействия с коллективами и профсоюзами, чтобы своевременно реагировать на проблемы внутри компаний и подрядных организаций.

По итогам совещания М.Мирзагалиев поручил обеспечить бесперебойную работу предприятий, выполнение производственных программ на 2024 год, осуществить выход опреснительного завода пластовой воды (АО «Каражанбасмунай») до проектных показателей, своевременно предоставить проектно-сметную документацию по Опреснительному заводу в г. Жанаозен (ТОО «Ak Su KMG») в РГП «Госэкспертиза».

«Сегодня одним из ключевых для «КазМунайГаза» является вопрос водообеспечения объектов производства и населения г. Жанаозен. В рамках исполнения поручения Главы государства по обеспечению питьевой воды населения города мы начали строительство опреснительного завода», - отметил глава КМГ.

Отдельно М.Мирзагалиев остановился на необходимости строгого соблюдения правил техники безопасности, трудовой дисциплины, охраны труда и окружающей среды.



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-ДА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫҢ ҚОСЫМША КЕЛІСІМІНЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ-да (ҚБМ) қолданыстағы Ұжымдық шарттың қосымша келісіміне қол қойылды. Құжатқа қол қою рәсіміне ҚБМ Басқармасы, «ҚБМ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Орынбек Сатыбалдиев, «Бірлік» ҚБМ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Мансұр Алдабергенов және комиссия мүшелері қатысты.

Қосымша келісім шарт үшжақты келіссөздер мен ұжымдық талқылаулар нәтижесінде қабылданып отыр. Ондағы өзгерістер мен толықтырулар жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсартуға, әлеуметтік міндеттемелерге кепілдік беруге, сондай-ақ қызметкерлер құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Нақтырақ айтсақ, ҚБМ қызметкері жұмыс орнында және жұмыс уақытында, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ жұмыстан тыс жер мен уақытта өмірден өткен жағдайда берілетін материалдық көмек көлемі артты. Бұдан бөлек, қызметкерлерге сыйақы төленетін мерекелер қатарына Қазақстан халқының бірлігі күні қосылды. Жұмысшылардың еңбекақысы сақталмайтын демалыс күндерінің саны реттелді. Оған қоса компанияның мерейтой датасы Қаражанбас кен орнында алғашқы мұнай фонтаны атқылаған күнге өзгертілді.

Айта кетейік, қолданыстағы Ұжымдық шарт мерзімі 2027 жылға дейін ұзартылды. Қабылданған өзгертулер мен толықтырулар 2024 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енеді.



«QUIZ» - БІЛІМ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТЕДІ

Қаражанбас кен орнында «Жас маман кеңесінің» ұйымдастыруымен ІІ вахта жұмысшыларына арналған «Quiz» зияткерлік ойыны өтті. Жарысқа әр түрлі цехтардан 10 құрама команда қатысып, 10 кезең бойы білім мен логикасын сарапқа салды.

Мұнайшылар алдымен тест тапсырмаларын орындап, викториналық сұрақтарға жауап берді. Олар ғылым, мәдениет, техника, өнер және т.б. бағыттар бойынша білімдерін паш етіп, ой-пікірлерін ортаға салды. Соңғы кезде жастарарасында трендке айналған осындай форматтағы ойын мұнайшылардың IQ-ін жоғарылатып қана қоймай, ұжым бірлігін арттыруға да себеп болары сөзсіз.

«Ойын өте тартысты өтті. Барлығымыз көрген, естіген, оқыған ақпараттарымызды ортаға салып, командамен үздік атануға тырыстық. «Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз» демекші «Quiz» жалғасын тапса, біліміміз әлі шыңдала түсетініне сенімдіміз», - деді қатысушылар.

Қорытындыға сәйкес, №1 мұнай өндіру цехының намысын қорғаған команда үздік үштікті түйіндеді. Екінші орынға электроцех қатысушылары жайғасты. Ал сайыста оза шапқан геология және игеру бөлімі бірінші орынға лайық деп танылды. Зияткерлік ойынды келесі вахта жұмысшылары арасында да өткізу жоспарланып отыр.



ТАРАС ХИТУОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БОКС ТУРНИРИ БАСТАЛДЫ

Ақтауда елімізге белгілі мұнайшы, қоғам және мемлекет қайраткері, бокстан КСРО спорт шебері Тарас Хитуовты еске алуға арналған Республикалық ашық турнир басталды. Жарыста еліміздің түкпір-түкпірінен, сондай-ақ Ресей, Түркменстан, Өзбекстан, Тәжікстан мен Әзірбайжаннан барлығы 100-ден астам спортшы бақ сынап жатыр. Былғары қолғап шеберлері 7 салмақ дәрежесінде өнер көрсетеді.

Ашылу салтанатында Ақтау қаласының әкімі Ұлықбек Тналиев қатысушыларды турнирдің басталуымен құттықтап, Тарас Хитуовтың атқарған игі істеріне тоқталып өтті. Сондай-ақ қатысушы жастар мен жасөспірімдердің намысты қолдан бермей, жеңіс тұғырынан көрінуін тіледі.

Бокс турнирі Тарас Хитуовтың дүниеге келгеніне 60 жыл толуына орай өткізіліп отыр. Ол Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. Әр жылдары Ақтау қаласы әкімінің орынбасары, Түпқараған ауданының әкімі, «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ, «Өзен-мұнайгаз» АҚ-да еңбек етті, Парламент Мәжілісінің VI шақырылымының депутаты болды. 2012-2015 жылдары «Қаражанбасмұнай» АҚ кадр және әкімшілік мәселелер жөніндегі Вице-президенті, сондай-ақ «Қаражанбасмұнай» АҚ Аппарат басшысы қызметін атқарды. Тарас



Хитуов бірқатар саладағы лауазымды қызметінен бөлек, халықаралық аренада ел намысын қорғаған чемпиондардың жаттықтырушысы.

Турнир IBA ережелері бойынша өтіп жатыр. Шаршы алаңдағы әр жекпе-жек 3 раундқа созылса, кездесулер 3 күнге жалғаспақ. Жүзден жүйрік шыққандар жарыс толық аяқталған соң салтанатты түрде марапатталады.





ВЕТЕРАНЫ КАРАЖАНБАСА ВСТРЕТИЛИСЬ С ПРЕДСЕДАТЕЛЕМ ПРАВЛЕНИЯ КМГ

Председатель Правления АО «НК «КазМунайГаз» (КМГ) Магзум Мирзагалиев встретился с заслуженными деятелями нефтегазовой отрасли Казахстана. К встрече присоединились из центрального офиса АО «Каражанбасмунай» (КБМ) по видеосвязи заместитель председателя правления по производству КМГ Нурсейт Союнов, Генеральный директор КБМ Марат Елеусинов и ветераны отрасли.

М.Мирзагалиев представил ветеранам производственные итоги компании за 2023 год, а также озвучил планы и информацию о текущих инвестиционных и социальных проектах КМГ. Он добавил, что «КазМунайГаз» завершил год с хорошими показателями, превысив прошлогодние результаты по ключевым направлениям деятельности компании.

«Наша встреча стала возможной благодаря инициативе Республиканского общественного объединения «Ветераны нефтегазового комплекса». Сегодня мы собрали наших уважаемых ветеранов практически со всех регионов нашей страны. Хотел бы подчеркнуть, что мы с благодарностью принимали и принимаем Ваши советы и рекомендации», — сказал М.Мирзагалиев.

В свою очередь ветераны отрасли высказали стратегические взгляды и поделились мнениями по развитию национальной компании и нефтегазовой отрасли страны. В завершение встречи Председатель Правления поблагодарил ветеранов, проявивших активность в обсуждении мероприятий, проводимых в рамках 125-летия казахстанской нефти.

КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ



«Қаражанбасмунай» АҚ технологиялық көлік департаментінің №2 гараж ұжымы автоэлектрик Түркенбай Қибасов пен көлік жүргізуші Еркімбай Сарниязовты құрметті демалысқа шығарып салды. Әріптестері компанияның көлік саласының дамуына сүбелі үлес қосқан жұмысшыларға алғыс білдіріп, құрмет көрсетті.

Түркенбай Қибасов – 20 жылдық тәжірибесі бар, аналитикалық, логикалық және техникалық ойлау дағдысы ерекше дамыған автоэ-

лектрик. Ол кен орнындағы кез келген көлікте туындаған ток мәселесін лезде шешетін білікті маман. Әр құралына қамқорлықпен, сайманына сүйіспеншілікпен қарап, ұқыпты ұстаған жұмысшы қызмет деген белесті бағындырып, сүйікті ісін жас буынға қимастықпен табыстады.

Ал Еркімбай Сарниязов Қаражанбаста 24 жылдан бері көлік құралын басқарып келеді. Жол қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, кен орны аумағында мұнайшыларды дiттеген жеріне аман-есен жеткізу – ол үшін

жауапты қызмет. Өндіріс алаңында көлігімен құстай самғап, жұмысшылар алғысына бөленген жүргізуші де құрметті демалысқа шыққан әріптестерінің қатарына қосылмақ.

Көліктің жай-күйі мен қозғалысын қызметімен тікелей байланыстырған қос маман өмірдің жаңа да маңызды кезеңін зор күш-қуатпен, жігермен қарсы алатынына қуанышты. Соңғы вахтасын сәтті аяқтаған олар әріптестер құрметіне риясыз рақмет айтып, ақ батасын берді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ



«Қаражанбасмұнай» АҚ еліміздің барлық аймағында ұйымдастырылған Республикалық сейсмикалық оқу-жаттығуға қатысты. Мақсат – төтенше жағдайлар кезінде, нақтырақ айтсақ, жер сілкінісі болған жағдайда эвакуациялау шараларына дайындық пен сақталуы керек ережелерді пысықтау.

Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес, сағат 10:00-де ҚБМ-ның орталық аппарат ғимаратында дабыл қағылды. Компанияның 300-ден астам қызметкері кеңсе ауласындағы арнайы орынға лезде жиналды. Оларға «Ақ Берен» кәсіптік-әскерлендірілген апаттық-құтқару қызметінің мамандары апат болған жағдайда құтқару жұмыстары қандай құралдар арқылы жүзеге асатынын көрсетіп, ақпарат берді.

Айта кетейік, былтыр әлем бойынша магнитудасы 4-тен 8 баллға дейінгі 15,6 мың жағдай тіркелген. Өкінішке қарай, Қазақстанда жыл басынан бері 123 рет жер сілкінді. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес Ақтау қаласының сейсмикалық қауіптілігі 6 баллды құрайды.



«ҚАРАЖАНБАС - БІЗДІҢ ОРТАҚ ЕҢБЕГІМІЗ СІҢГЕН ҚАЗЫНАЛЫ МЕКЕН!»



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) ұжымы компанияда қалыптасқан игі дәстүр бойынша ұзақ жыл еңбек етіп, ел ырысын еселеуге сүбелі үлес қосқан жұмысшыларға құрмет көрсетті. Бұл жолы еңбек ұжымы технологиялық көлік департаментінің (ТКД) жүргізушісі Мұханбетжан Надиров пен слесарь-моторист Сисенғали Ерзақовты, Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің (БжҰЖКЖД) аға шебері Мұхаммедин

Сарқұлов пен жетекші инженер Меллат Қайбалдиевті зейнеткерлік демалысқа шығарып салды.

Өлкенің қара алтынын игеру жолында қызмет деген белесті бағындырған мұнайшылар Қаражанбастың қарыштап дамуы үшін тынымсыз тер төкті. Әріптестер құрметіне бөленіп, зейнетке шыққан жұмысшылардың өнегелі еңбек жолы жас мамандарға үлгі. Олардың бірі компания қалыптасқаннан бері жұмыс істеп, қиын да қызықты кезеңдерді өткерсе, ендібірі маңызды бөлімшелердің ауыр жұмысын абыроймен атқарды. Ең бастысы адал еңбек иелері өндірісті өркендету жолында қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, жұмыста кәсіби біліктілік пен асқан жауапкершілік танытты.

Құрметті демалыс – абыройлы еңбектің жемісін көретін кезең. Зейнетке шыққан мұнайшылар соңғы жұмыс күндерін ескі естеліктерді тізбектеп, қимастықпен өткізді. Вахтаны жұмыс емес, өмір салтына айналдырған қаражанбастықтар сүйікті кен орнын әріптестерге сеніммен тапсырып, ізгі ниетіне алғыс айтып, ақ бата берді. Өз кезегінде ҚБМ зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау жүйесі бойынша назардан тыс қалдырмай, қамқорлық танытуға тырысады.



ҚБМ ЖҰМЫСШЫСЫ МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСЫНЫҢ ҮЗДІК ОНДЫҒЫНА КІРДІ

Сүйінші! «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының дәнекерлеушісі Әлібек Құлболғанов «Burabay Ice - 2024» марафонында үздіктер қатарынан көрінді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері Бурабайдың аязды ауа райында әлемде теңдесі жоқ бірегей жарыс - мұз үстінде жүгіруден сынға түсті. Желаяқтар жарысында 600-ге жуық қатысушы бақ сынады. Олар өз таңдауы бойынша 7,14 және 21 шақырымға жүгірді.

Бұдан бөлек, 7 шақырым скандинавиялық жүруден бақ сынағандар да бар.

Әлібек Құлболғанов 7 шақырым қашықтықты 36 минутта жүгіріп өтіп, жарқын жетістігімен көзге түсті. Осылайша ол өз санатында үздік ондыққа еніп, ҚБМ намысын абыроймен қорғады.

«Мұз үстінде жүрудің өзі қауіпті екені белгілі. Ал жылдамдықпен жүгірудің қиындығын айтпасам да түсінікті шығар. Дегенмен жүгіру заңдылықтарын сақтай отырып, мәреге жетуді

мақсат еттім. Мұндай жарыстар бізді одан сайын төзімді болуға үйретіп, тәжірибемізді шыңдайды», - дейді Ә.Құлболғанов.

Айта кетейік, былтыр ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлері арасында «KMG Run Day» марафоны өтіп, үздіктер қатарынан көрінген 30-ға жуық желаяқ «KMG Runners» корпоративтік клубына іріктеліп алынды. Олар ұзақ қашықтықтарға бірге жүгіру арқылы салауатты өмір салтын сақтап қана қоймай, әріптестік қарым-қатынастарын нығайтып келеді.

МТЖБ ШЕБЕРІ Н. АЛХАМОВ: «ӨМІРДЕН ҰТҚАН ҚҰНДЫ МАРАПАТЫМ - МАМАНДЫҒЫМ»



Қаражанбас мұнайшылары өлкедегі өндірісті өркендетумен қатар экономиканың дамуына елеулі үлес қосып келеді. Олар ұзақ жылғы еңбек арқасында сый-құрметке бөленіп, құрметті еңбек демалысының асуына абыроймен шығуда. Солардың бірі - материалдық техникалық жабдықтау базасының (МТЖБ) тиеу-түсіру жұмыстары учаскесінің шебері Нұрғабыл Алхамов.

Ол Қаражанбастағы еңбек жолын осыдан 25 жыл бұрын МТЖ базасында жүк ілуші қызметімен бастап, артынша бригадир болып жалғастырды. Жұмысқа деген жауапкершілік, тиянақтылық пен кәсіби біліктілік арқасында кейіпкеріміз аталған базаның шебері болып күні-бүгінге дейін абыройлы қызмет атқарды.

«Менің өмірден ұтқан ең құнды марапатым ол - мамандығым. Газ-мұнай саласында жұмыс істегеніме өте қатты қуаныштымын. Өйткені, кен орынның жауапты саласында еңбек ете отырып, сыйлас дос, әріптес таптым. Осы орайда, зейнеткерлікке құрметпен шығарып салған әріптестеріме айтар алғысым шексіз. Өндіріс өрге өрлей берсін!», - деді Н.Ахметов.

Нұрғабыл Алхамов ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, отбасындағы береке-бірлікті нығайтқан асқар тау әке. Ол өмірінің ендігі жаңа белесін бала-шағасынан тараған ұрпаққа арнамақ.



БІЛІКТІ МАМАН - ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Өз ісінің білікті маманы қай кезде де сұраныста. Өйткені ол елдің дамуына үлес қосатын қозғаушы күш. Кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеріп, өндірісті өрге сүйреп жүрген қызметкердің бірі - «Қаражанбасмұнай» АҚ Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаменті бұрғылау қондырғысының басшысы Роман Құқықбаев.

Бұрғылау процесі өндірістегі қауіпсіздікті сақтай отырып, жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқаруды талап етеді. Роман Құқықбаевтың Қаражанбас кен орнында қызметке араласқанына 15 жылдан астам уақыт өте шығыпты. Өз ісін өмір салтына айналдырған ол білімі мен тәжірибесін шыңдап, бұрғылау қондырғысы-

ның басшысы қызметін күні бүгінге дейін абыроймен жалғастырып келеді.

«Бұрғылау жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылуы мен атқарылуы зор жауапкершілікті талап етеді. Алпауыт жұмыстың ауырлығына шыдап, күні-түні қызмет ету әлбетте оңай емес. Бірақ біз ел экономикасын дамытатын маңызды маман екенімізді сезіне отырып, қызметімізді кәсіби түрде орындауға тырысып келеміз», - дейді Р.Құқықбаев.

Жер қабаттарына терең бойлай отырып, жаңа ұңғымалар санын арттыру – Қаражанбас бұрғышыларының басты мақсаты. Тағылымды тәлімгер, үлгілі әріптес атанған Роман Құқықбаев әлі де нәтижелі жұмыс істеп, адал еңбегін еліне арнауға дайын екенін айтады.

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙЫНЫҢ ҚҰРДАСЫ



Қаражанбаста алғашқы мұнай фонтаны атқылағаннан бастап ел ырысын еселуге атсалысып келе жатқан мыңдаған мұнайшының еңбек жолы компания тарихымен бірге таңбаланып келеді. Ширек ғасырдан бері қазыналы мекеннің жерасты байлығын игеруге елеулі үлес қосып келе жатқандардың бірі - Бас механик қызметінің аға механигі Марат Қилыбаев.

Жаңа ғасырмен бірге Мараттың өмір дастанында жаңа тарау басталды. Ол Қаражанбас кен орнына алғаш рет қадам басып, пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехына слесарь болып жұмысқа орналасты. Аталмыш цехтың тынысымен танысқаннан соң, қызметін құрастырушы ретінде жалғастырды. Одан соң кен орнында жетекші инженер боп жұмыс істеді. Қазір компанияның орталық кеңсесінде Бас механик қызметінің аға механигі. Марат әріптестерімен бірге өндірістік жабдықтар мен құрал-саймандардың техникалық сипаттамаларын, құжаттарын реттеп, құрылғыларды жөндеу жұмыстарының тез әрі сапалы жүргізілуін бақылауда ұстауға жауапты.

«Өндірістегі кез келген жабдықтың жұмыс процесінде алатын орны ерекше. Сондықтан істен шыққан құрылғыларды қалпына келтіріп, қатарға қосу аса маңызды. Біздің басты мақсатымыз – өндіріс үздіксіздігін сақтау болғандықтан, жұмысымызға жауапкершілікпен қарап, берілген тапсырмаларды мінсіз орындауға барымызды саламыз», - дейді кейіпкеріміз.

Жастықтың жалынды жылдарын өндіріске арнаған Марат Қилыбаев – Қаражанбас мұнайының құрдасы. Кен орнынан алғашқы фонтан атқылғанына жарты ғасыр толған шақта, ол да еңселі елу жасты еңсерді. Білікті маман бойында күш-қуаты мен жігері барда компанияның қарыштап дамуына әлі де өлшеусіз үлес қосатынына сенімді.

БІРЛІКТІ НЫҒАЙТҚАН ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ



Қаражанбастың №3 мұнай өндіру цехы (МӨЦ) жұмысшылары арасында «Ынтымақ – достық бастауы» ұранымен волейбол сайысы өтті. Цехішілік жарысқа II вахтаның бригадалары ұйымшылдықпен қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Жеңіске жету - мықты дайындықты талап етеді. Сондықтан қатысушылар шапшаңдық пен қырағылық, тың техника мен үздік әдістерді талап

ететін волейбол ережелерін жетік меңгерген. Мұнайшылардың тактикалық қимыл-қозғалысы мен сәтті соққылары кәсіби волейболшылар ойынынан кем түспеді.

«Біздің негізгі мақсатымыз – ұжым бірлігін нығайтып, жұмыстан тыс уақытта да қарым-қатынасты дамыту. Алайда жарыс болғаннан кейін әр команда жеңіске жетуді қалайды. Өзге бригадалардағы әріптестеріміздің ой-

ынын көріп, таңдай қақтық. Кіл мықтылар жиналған №3 МӨЦ жұмысшыларының ынтымағы арта берсін!» - деді жұмысшылар.

Тартысты жарыс нәтижесі бойынша, 30А Топтық өлшеу қондырғысы (ТӨҚ) ұжымы үшінші, 30Б ТӨҚ қызметкерлері екінші орын қанжығалады. Ал үздік ойынымен алға шыққан 30 ТӨҚ командасы жарыс жеңімпазы атанды.

I ВАХТАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қаражанбастың I вахта жұмысшылары арасындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ спартакиадасына іріктеу жарыстары мәреге жетті. Мұнайшылар жеке және топтық жарыстарда бақ сынап, келесі кезеңге жолдама алатын үміткерлерді анықтады.

Шахмат тақтасындағы тартыста Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің (БжҰЖКЖД) аға шебері Көшербай Избасаров пен жылумен және сумен қамту цехының (ЖжСҚЦ) механигі Берік Төлеубай үздік атанды. Үстел теннисінен технологиялық көлік департаментінің (ТҚД) шанақтарды рихтовкалаушысы Айдмохаммад Қазақ пен пайдалану жабдықтырын икемдеу-жөндеу цехының (ПЖИЖЦ) токарі Қазидулла Оразов алға шықты. Тоғызқұмалақ бойынша №1 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) операторы Найман Аминов

пен геолог Әсет Нұралиев зияткерлік қабілетін паш етсе, ұлттық ойын асық атуда №1 және №2 МӨЦ операторлары Абай Қуанышбек пен Сымбат Орынбаев мергендігімен көзге түсті. Қол күресте 80 келіге дейін білек күшін сыңға салғандар арасынан ПЖИЖЦ электрогаздәнекерлеушісі Жанболат Закарин мен 80+ келі салмақта №1 МӨЦ операторы Бейбарыс Мүлкібаев топ жарды. Сондай-ақ арқан тарту, шағын футбол, волейбол, баскетбол, киберспорт бойынша құрама командалар қос вахта арасындағы тартысқа сақадай сай.

Келесі кезеңде екі вахтаның үздіктері кездеседі. Әр спорт түрінен жеңімпаз атанған қатысушы өңірдің өзге мұнай компанияларының жұмысшыларымен сайысқа түсуге жолдама алады.



АҚПАН АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**60 жас****05.02.1964 ж., Салманов Оразхан Орынбайұлы**

№6 автотізік машинист көмекшісі

06.02.1964 ж., Тоқаев Жаңбыр

№2 автотізік автомобиль жүргізушісі

07.02.1964 ж., Сүйіндіков Жайық Сарыұлы

№2 автотізік автомобиль жүргізушісі

08.02.1964 ж., Идрисов Болат Ғазизұлы

№5 автотізік автомобиль жүргізушісі

10.02.1964 ж., Есболаев Шыңғыс Ізімұлы

Көлікті жөндеу және техникалық қызмет көрсету учаскесінің аккумуляторшысы

15.02.1964 ж., Қанапин Смағұл Оразалыұлы

№3 автотізік машинисі

21.02.1964 ж., Ким Геннадий Чан-Секович

№4 автотізік автомобиль жүргізушісі

25.02.1964 ж., Іштібаев Сембай Планұлы

№5 автотізік машинисі

25.02.1964 ж., Сарғожаев Қоянбай Жолдыұлы

№3 автотізік моторисі

25.02.1964 ж., Чижиков Павел Михайлович

№5 автотізік жүргізушісі

25.02.1964 ж., Жақсыбаев Қуатбай

ПЖИЖЦ слесарі

28.02.1964 ж., Қарақұлов Өскінбай

ӨАЦ слесарі

**50 жас****01.02.1974 ж., Қонаев Мақсат Орақұлы**

№4 автотізік машинисі

01.02.1974 ж., Бердиев Сырым Бердіұлы

№2 МӨЦ операторы

02.02.1974 ж., Иманов Қайрат Нұрғалиұлы

№1 ҰЖЖЖЦ бұрғышы көмекшісі

03.02.1974 ж., Манатбай Шаған

БЖҰЖЖБ техник-технологі

04.02.1974 ж., Теміров Серік Муфтоллаұлы

ПЖИЖЦ электрғазданекерлеушісі

10.02.1974 ж., Түйешиев Берік Жақсыбайұлы

ӨЦ машинисі

11.02.1974 ж., Әлжанов Оңайбай Бекмұханұлы

ӨЦ машинисі

11.02.1974 ж., Аялбергенова Меруерт Сайынқызы

Кадрлық басқару бөлімінің маманы

15.02.1974 ж., Жаңбырбаев Берік Аманқосұлы

ГЦ слесарі

16.02.1974 ж., Ақмамедов Жаңбырбай Жабарұлы

ПЖИЖЦ электрғазданекерлеушісі

18.02.1974 ж., Қойбақов Жәнібек Рахметоллаұлы

ПЖИЖЦ слесарі

18.02.1974 ж., Қажиханов Кинаят Мадиевич

Шаруашылық қоймасының учаскесінің тауартанушысы

19.02.1974 ж., Сарсенов Джанабай Шабырбаевич

ПЖИЖЦ құрастырушысы

20.02.1974 ж., Корчинский Владимир Михайлович

Маркшейдерлік топ жетекшісі

23.02.1974 ж., Қуанбаев Бағдат Оралбайұлы

№2 автотізік автомобиль жүргізушісі

24.02.1974 ж., Қилыбаев Марат Қойшыбайұлы

Бас механик қызметінің аға механигі

**Құрметті мерейтой иелері!**

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,

Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.

Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,

Артылып абыроймен беделіңіз!



«ҚАРАЖАНБАС АРДАГЕРЛЕРІ» ФУТЗАЛ КОМАНДАСЫ ҚР ЧЕМПИОНАТЫНДА

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшылары футболдан ардагерлер арасындағы ҚР чемпионатында бақ сынады. Таразда өткен аяқдоп бәсекесінде әр түрлі саланы серік еткен 7 құрама команданың 40 жастан асқан қызметкерлері үздік атануға барын салды.

Тартысты додада қаражанбастықтар ерекше ойынымен көзге түсті. Командалық байланысты сақтай отырып, тың техника мен әдістерді тиімді қолдану арқасында біздің жігіттер «Намыс-Ембі» және «Намыс-Жетісу» командаларымен болған кездесуді жеңіспен аяқтады. Ал «Өзенмұнайгаз» және «Жаңатас» құрамасымен өткен матчта есеп тең түсті. Өкінішке қарай, ҚБМ футболшылары «Сығанақ» және «Тұран-Хромтаулық» қарсыластарға есе жіберіп алды.

Қорытындыға сәйкес, ҚБМ жұмысшылары ұпай және гол сандары бойынша төртінші сатыға тұрақтады. Футболшылар «Жеңіске жігерлігі» үшін аталымына лайық деп танылып, диплом және кубокпен марапатталды.



QARAJANBAS

**«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ****Шығарушы:**

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат**Шығарылымға жауаптылар:****Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары**
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kkm.kz**Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы**
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kkm.kz**Исаев А.Р. – журналист**
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: A_Issayev@kkm.kzГазет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілгенГазет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.Газет «Жарқын Ко» ЖШС
баспаханасынан шықты.**Мекен-жайы:**010000, Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Абай данғылы, 57/1
Тел.: 8 (7172) 21 50 86
Сайт: www.zharkyn.kz